

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 793 қаулысы.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі болып;

2) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі болып;

3) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Алмас" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Алмас" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген қайта аталатын мемлекеттік мекемелерге және республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша):

1) осы қаулының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мемлекеттік мекемелердің жарғыларын бекітуді;

2) осы қаулының 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізуді;

3) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемелердің және республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 29, 327-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі штат санының лимиті оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, 564 бірлік санында бекітілсін.";

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі (бұдан әрі – Кеңсе) мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді, бақылау функцияларын және заңнамада әрі осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Кеңсенің миссиясы: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету.";

10-1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

11-тармақта:

29), 30), 30-1) және 30-2) тармақшалар алып тасталсын;

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"31) Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесіне қатысты уәкілетті органның;"

12-тармақтың 20), 21) және 23) тармақшалары алып тасталсын;

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

1, 3 және 4-тармақтар алып тасталсын.

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің адам санын ескере отырып штат санының лимиті осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Үкіметінің
2017 жылғы 29 қарашадағы
№ 793 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 993 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің оған ведомстволық
бағыныстағы мемлекеттік мекеменің адам санын ескере отырып штат санының
лимиті**

Атауы	Ш т а т санының лимиті
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемені ескере отырып, оның ішінде:	564
Қазақстан Республикасының мемлекетті фельдъегерлік қызметі:	307

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев